



Әлемде

**А.Гор және Дж.Буш.
Кім жеңеді?**

АҚШ-тың Айова штатында Демократияшылдар партиясы өз жиналысын өткізіп, қарашада болатын Елбасы сайлауына үміткер ретінде вице-президент А.Горды ұсынды. Республикашылдар да өз мәжілістерін өткізіп, Айова штатының губернаторы Дж.Бушты кандидат ретінде ұсынуға кірісті.

Соғысқанға сом да жоқ

Брюссельдегі Еуропа Одағы Сыртқы істер министрлерінің кеңесі Ресей Федерациясына жыл сайын берілетін 90 млн доллар көлеміндегі қаржылай көмекті Чешенстандағы оқиғаларға байланысты бермейтін болды. Ал Югославияға салынған эмборгоны алып тастауға келісті. Бірақ, бұл ұсыныстарға Британия мен Нидерландия қарсы болды.

Солшылдар солға тартты

Украинаның солшыл партиялары арнайы референдум өткізуге шешім қабылдап отыр. Референдумға республика Президенті ұйымдарын тарату мәселесі шығарылмақшы. Бұл идеяны Украина Коммунистік партиясы және социалистер қолдап отыр.

**Студенттер шешендерді
жақтайды**

Соғыс зулматының зардабын тартқан Косово албандары Приштинадағы орталық алаңға жиналып, Чешенстандағы әскери қимылдарды тоқтатуды талап етті. Басым көпшілігін студент жастар құраған бұл митингте "Чешенстан, біз сенімен біргеміз", "Ұлы Ресей дегеніміз - бос иллюзия" деген сияқты лозунгілер көтерілді.



Республикада

**Тіл туралы қаулы күшіне
енеді**

ҚР-ның бұрынғы Энергетика, индустрия және сауда министрі өткен жылдың 31-тамызында елімізге импортталатын тауарлардың этикеткаларындағы мәліметтердің қазақ және орыс тілдерінде жазылуын талап ететін арнайы қаулы қабылдаған еді. Алайда, қаулының күшіне ену мерзімі бірнеше мәрте кейінге қалдырылған болатын. Қаңтардың 24-інде Премьер-министр Қ.Тоқаев аталмыш қаулыны 2000 жылдың 1-сәуірінен бастап күшіне енгізу туралы шешім қабылдады.

**Швейцарияға қол созған
қылмыскер кім?**

Женева прокуратурасы күтпеген жерден Швейцария мен Лихтенштейндегі банктерден 300-дей купия есеп-шоттарды тапқан. Ірі көлемдегі параға қатысты тергеліп жатқан "Эльф" атты концерн басшыларының Қазақстан шенеуніктерімен астыртын келісімі болған деп болжануда. Аталмыш есеп-шоттардағы жарты миллиард доллардан қазақ саясаткерлеріне ірі мөлшерде қаржы бөлінуі тиіс екен. Өз кезегінде Қазақстан басшылығы "Эльфке" Ақтөбенің Темір аймағынан мұнай барлауға лицензия беруге міндеттеме алыпты. Аталмыш жер жарамсыз болғандықтан швейцар пысықайлары 100 млрд доллар ақшасынан айырылыпты. Қаржы қылмысына қатысы бар шенеуніктердің аты әлі аталған жоқ.

"Тарода-1"+"Протон"=?=?

12-ақпанда Байқоңыр ғарыш аймағынан Индонезияның "Тарода-1" серігі мен "Протон" зымыран тасығышы ұшырылатын болды.



Астанада

**Астана қайда болса,
Компартия сонда**

Қазақстанның Коммунистік партиясының жұмысшы органдары Алматыдан Астанаға қоныс аударды. Ал оңтүстік астанада саяси партиялармен жұмыс істеу үшін Секретариаты құрылды. Белгілі бизнесмен, "АЛСИ" фирмасының директоры И.Әлімжановтың Компартия құрамына өтуі көпшілікті таңырқатқан оқиға болды. Сөйтіп, коммунистердің Парламенттегі екілдерінің саны 4-ке жетті.

Ойыннан өрт шықты

Орталық әскери спорт клубының бастығы П.Новиков пен Қазақстан Футбол Ассоциациясының арасындағы дау күшейіп барады. Қазақ футболының ардагері Ассоциация басшысы Қ.Ордабаев П.Новиковтың бұл ұйымға сенімсіздік білдірген оспадар әрекетін айыптады. П.Новиков өз тобындағы армияшылдардың ұлттық құрамаға кіруіне наразылық білдірді. Текетірес жалғаса берсе, ФИФА Қазақстанды халықаралық ойындарға қатысу құқығынан 3-5 жылға айыруы мүмкін.

Марченко сөзінде тұрды

Былтырғы сәуір айында теңге еркін жүзуге жіберілгенде банктегі жиған-тергені бар ағайындарға Ұлттық Банк салымдар 1 долларға шаққанда 88,3 теңге курсымен қайтарылатынын мәлімдеді. Бас банкир Г.Марченко 2000 жылдан бастап осы процесс жүзеге аса бастайды деп мәлімдеді. Бұл мақсатқа ҰБ 1,8 млн. доллар қаржы бөлген.

**Презентация
клуба**

В Молодежном Центре при Алматинском Комитете Общества Красного Полумесяца и Красного Креста прошла презентация Клуба Интернет Дружбы (КИД), благодаря которому дети из малообеспеченных семей могут общаться со сверстниками из других городов и стран. Теперь у них есть возможность бесплатно научиться работать на компьютере в Интернете.

При клубе будет создан научный центр, интернет-альманах "Молодые ученые Казахстана", где будут публиковаться научные труды студентов и аспирантов. Это позволит решить проблему с ознакомлением общественности с новыми научными разработками. Этим самым организаторы клуба хотят остановить "утечку мозгов", прогрессирующую в последнее время.

На базе клуба была открыта линия службы "Телефона Доверия" для подростков и молодежи. Спонсор мероприятия, банк "Шанхай-Гонконг" в лице господина Манди, предоставил Комитету телефонное оборудование. 17 волонтеров будут консультировать подростков, столкнувшихся с проблемами одиночества, насилия, нежелательной беременности, молодого материнства и т.д. Все консультанты имеют социальное образование: психологи, медики, юристы. "Телефон Доверия", несомненно, станет большой помощью и надеждой молодежи. Номер тел. Доверия: (3272) 91-17-20.

Зауреш ДАНАЕВА,
студентка 3 курса
факультета журналистики.



Алматыда

Есің барда елің тап

Алматы және Алматы облысының энергия кешенін 1996 жылы Бельгияның "Трактель" компаниясы су тегін ақшаға - 7 млн. долларға (нақты құны 868 млн. доллар) сатып алған болатын. Содан бері жылу 2 есе, электр қуаты 1,5 есеге қымбаттаған. Келісім-шарт бойынша "Трактель" Алматының энергия жүйелерін дамытуға 149 млн доллар жұмсауға тиіс болатын. Алайда, бұл соманың үштен бірі ғана жаратылыпты. "Трактельге" қатысты дау-дамай Стокгольм сотында шешілуі керек. Яғни, Қазақстанда қызмет ететін компания оның заңдарына бағынбайды.

26-қаңтарда бір топ қоғамдық ұйымдар осы мәселеге байланысты қоғамдық сот ұйымдастырып, "Трактельмен" арада қол қойылған келісім-шарттың күшін жою керек деп шешті.

Жау жоқ деме...

"Қытайдың әлемге әйгілі "Триада" ұйымдасқан қылмыстық тобы Қазақстанда да таралып келеді", - деп есептейді қытайтанушы ғалым, ғылым докторы К.Хасидова. Бұл жайлы Алматыда да қауесет жайылып барады. Түбегейлі орнықпаса да, тамырын кеңге жайып келе жатқан бұл ұйым Алматы базарларында, әсіресе пәтер саудасында қанат жайып келеді. Соңғы кезде оңтүстік астанада қаптап кеткен қытайлық саудагерлер "Триаданың" көмегіне сүйенгісі келеді деген пікірлер айтылуда. Ал қауіпсіздік ұйымдары бұл жөнінде ләм-мим деп аузын ашпай отыр. Әдепте, мәселеге басында көп мән бермей, артынан опық жеп жататын қазақ "қауіптің қара қытайдан" екенін еске түсірсе, игі.



Университетімізде

**"Миллениум пати" -
балалар үшін**

Студенттер Сарайында өткен ҚазМу қызметкерлерінің, аспирант, студенттердің балаларына арнайы дайындалған жана жылдық бағдарлама екі бөлімнен құралды. Бірінші бөлімде, студенттер клубы жанындағы драма үйірмесінің режиссері Саламат Даниярдың студенттердің қатысуымен дайындалған "Жаңа жыл" спектаклін тамашаласа, екінші бөлімде балалар жасыл шырша жанында Аяз Ата, Ақшақарға тақпақ айтып, әдемі әуендерге би билеп, көптеген сыйлықтарға кенелді.

Кеш соңында он жасқа дейінгі барлық бүлдіршіндер мен әлеуметтік жағынан қиын жағдайда отырған жанұялардағы он төрт жасқа дейінгі 1470 балаға тәтті базарлықтар таратылды.

Қалыптасқан дәстүр бойынша қамқорлық бүлдіршіндерге ғана емес, ардагерлерге де көрсетілді. Мәселен, Жаңа жыл қарсаңында 309 ардагерге мерекелік құттықтаулар жолданып, ақшалай сыйлық берілді.

"Үлкенге - құрмет, кішіге - ізет" демекші, университет тарапынан балалар мен ардагерлерге жасалынып отырған осындай қамқорлыққа алдағы уақытта да күе бола берсек, нұр үстіне нұр болар еді.

Нұрғұл ҚАРАҒОЙШИНА,
журналистика факультетінің
4 курс студенті.

Хабар-ошарларды
ИНТЕРНЕТ жүйесі бойынша
әзірлеген
Мұхтар СЕҢГІРБАЙ.

ЗАМАНДАС

1999 жылдың желтоқсанында 60-тың асқарынан асқан ҚР ҒА мүше-корреспонденті, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор ФАЗЫЛХАН БӘЙІМБЕТОВ жақында өткен Ғылыми кеңесте университетіміздің 1999 жылы жүзеге асырған ғылыми жұмыстары жөнінде есеп берді.

ЗАМАНДАС

"Қазақ университетіне" жазылу науқаны басталғанда университетіміздің әкімшілік-басқару аппаратындағы қызметкерлер ішінен кадрлар бөлімінің бастығы ШӘЙГҮЛ БЕКІМБАЕВА өзгелерден бұрын бастама көтеріп, өзі келіп газетімізге бір жылға жазылды.

